



Сыр бойы

№25
(20699)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15 ақпан, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ ТЫҢ СЕРПІН БЕРІЛДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәммимен келіссөз жүргізді. Қатар Мемлекетінің Әмірі Қазақстан Президентін «Diwan Amiri» сарайында қарсы алды.

Келіссөз алдында Құрмет қарауының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің аңғарларын шырақалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәммим бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Қазақстан Президенті мен Қатар Мемлекетінің Әмірі келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қатар Әмірінің шақыруын зор ризашылықпен қабылдағанын жеткізді. Президент осы елге алғаш рет мемлекеттік сапармен келіп отырғанын, сондықтан оның мәңгілік ерекше екенін атап өтті.

— Қатар — ислам әлеміндегі біздің сенімді әрі маңызды әріптесіміз. Екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретін кез келді

деп ойлаймын. Қазақстан мен Қатар байланыстарын толық стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеруді ұсынамын. Сапар кезінде өте маңызды құжаттарға қол қойылады. Бұл келісімдер біздің ынтымақтастығымызды стратегиялық деңгейге көтереді. Біз үшін Қатар өте ерекше ел, сіздермен байланыстарымызды жоғары бағалаймыз. Сондықтан бұл қатынастарымызды одан әрі дамыту үшін күш-жігерімізді саламыз. Бізге көрсетілген қонақжайлылыққа ризашылығымызды білдіреміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәммим Қазақстан Президенті сапарының мәңгілікке тоқталды.

— Жоғары Мәртебелі Президент

мырза, біздің елімізге ең алғашқы мемлекеттік сапармен келіп отырғаныңызға қуаныштымын. Бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы қарым-қатынастарды еселей түсетініне сенемін. Біз Астанада да кездестік. Бүгінгі жүздесуіміз бұрынғы келіссөздер негізінде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын қалағалап, алдағы жоспарларды айқындауға мүмкіндік береді. Екіжақты ынтымақтастық аясында энергетикалық, сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделіміз. Осы сапар аясында біздің елдің ірі бизнес өкілдерімен кездесулер өткізесіз. Бұл аталған салалардағы ықпалдастықты ілгерілетуге тың серпін беретініне сенімдімін, — деді Қатар Мемлекетінің Әмірі.

Мемлекет басшысы қазір қазақ-қатар қарым-қатынастары кейінгі 30 жылда ең жақсы кезеңді бастан өткізіп отырғанын атап өтіп, Әмірдің Астанаға жасаған мемлекеттік сапарын еске салды.

2-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҮЗДІК АЙМАҚ АТАНДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен мәжілісте 2024 жылдың қаңтар айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Үкімет отырысында жаңадан тағайындалған Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарарова, Қаржы министрі Мәди Такіев және Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов ант берді.

Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың баяндауына, есепті кезеңде Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 3,9% құрады. Аймақтар арасында ең үлкен өсім Сыр өңірінде тіркелді.

«Өңірлер арасында барлық 7 даму көрсеткіші бойынша 3 өңірде, яғни Қызылорда, Павлодар облыстары мен Астана қаласында үздік өсім тіркелді» деді Н.Байбазаров.

Бірінші айдың қорытындысын өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда құрылыс саласындағы өсім 210,9%, тұрғын үйді

пайдалануға беруде 127,3%, өңдеу өнеркәсібі саласы мен жеке инвестициялар бойынша 122,1% болды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, мән-жайды нақтылап, тиісті тапсырмалар берді.

Аймақ басшысы алғашқы ай қорытындысымен даму қарқыны баяулаған салаларда жұмысты жандандыруды тапсырып, бюджет қаражатын игере алмаған басшылар жауапкершілікке тартылатынын ескертті.

— Бүгінгі Үкімет отырысының күн тәртібінде әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің

игерілуі қаралды. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,2 пайызға төмендеген. Былтыр кәсіпкерлік субъектілерінің саны 68 257 болса, биыл 66 061. Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдеріне, облыстық бағдарлама әкімшілеріне ай сайын жоспарланған қаражатты толығымен игеруді қатаң тапсырамын. Қаржының игерілуі төмен болса, жұмыс сапасыз орындалса бірінші басшылардың жауапкершілігі қаралатын болады, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Қызылорда облысы

САРАП

ТАБИҒИ АПАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Апта басында Мәжілісте орман өрттерінің алдын алу және оған қарсы күрес тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Жиында Үкіметтің осы бағыттағы жұмысы баяндалды. Жыл сайын мемлекеттік орман қоры аумағында 650-ден 800-ге дейін өрт оқиғасы тіркеледі екен. Кейінгі 5 жылда олардың саны 3200-ден асып, 610 мың гектар алқап өртеке орған.

Үкімет сағатында шешімін таппаған көптеген мәселелер айтылды. Мысалы, орман қорын қалпына келтіру, өрттердің шығын мөлшерін толық бағалау, саладағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, басқа да мәселелер көп. Өкініштісі, ұлттық қазына-байлығымызды сақтау бағытындағы мұндай жұмыстарға үлкен табиғи апаттар орын алған соң ғана мән беріле бастайды.

Бибілат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

3-бет



Фотосурет: Ашық деректер

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖОО ДИПЛОМДАРЫ БАЗАҒА ЕНГІЗІЛУДЕ

Елімізде 1991 жылдан бастап берілген ЖОО дипломдары электронды базаға енгізілуде.

Бұл жұмыстар 2018 жылдан басталған, 3,5 млн диплом базада бар. Енді кез келген жұмыс беруші арнайы цифрлық қызмет арқылы тексере алады. Осылайша жалған дипломды анықтау мүмкін болады.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жалған дипломдарды анықтаудың тетігі іске қосылып жатқанын айтты. Диплом мен құжаттардың жалған екенін біле тұра, сатып алғандар да жауапқа тартылады.

ВЕЙП САТҚАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Қазақстанда вейптерді сатуға толық тыйым салу жоспарлануда. Осыған байланысты Қылмыстық кодексте 301-1 бап пайда болады. Жаза түрлерін Мәжіліс депутаттары ұсынды.

Темекі бұйымдарын, электронды вейптерді, хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды сатқаны және таратқаны үшін 301-1 баптың 1-бөлігі бойынша 200 АЕК көлемінде айыппұл не болмаса 200 сағат қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза көзделеді немесе 50 тәулікке қамауға алынады.

Сондай-ақ 2-бөлігіне сәйкес вейптерді әкелгені және өндіргені үшін 2000 АЕК көлемінде айыппұл салуға болмаса 600 сағат қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе мүлкті тәркілеумен 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға жазаланады. Аталған баптың 3-бөлімі бойынша қылмыстық топтың бірнеше рет заң бұзушылық жасағаны және аса ірі мөлшерде табыс тапқан жағдайда 5000 АЕК мөлшерде айыппұл салу не 1200 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту немесе мүлкті тәркілей отырып 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделеді.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША МҰНАЙ ҚОРЫ БАР?

Қазақстанның әр өңірінде мұнай өндіріліп жатқан 289 кен орны бар. Бұл кен орындарынан алынатын мұнайдың қоры 4,38 млрд тоннаға бағаланып отыр.

Energy Monitor телеграм арнасының мәліметіне сүйенсек, мұнай қорының басым бөлігі батыс өңірлердегі кен орындарының қойнауында жатыр. Қазір бұл өңірдегі «Теніз», «Қашаған» секілді ірі кен орындары шетел инвесторларымен бірге игеріледі. Атырау облысындағы осындай және өзге де кен орындарынан өндірілетін 3,2 млрд тонна «қара алтын» бар. Бұл елімізде өндірілуі тиіс мұнай қорының 73 пайызын құрайды. Ал Қызылорда облысында 0,12 млрд тонна «қара алтын» бар деп есептеледі.

«СБ» ақпарат

ҚАЗАҚСТАН «ОРТА ДЕРЖАВАЛАР» ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Таяуда Германияның беделді ғылыми-сараптамалық орталығы — «Ғылым және саясат қоры» «Орта державалар — халықаралық саясаттағы маңызды факторлар» атты көлемді мақалалар жинағын шығарды. Онда Қазақстан алғаш рет орта державалар қатарына енгені жазылған. Бұл нәтиже аңғартады, қандай санаттар бойынша еліміз жақсы көрсеткіштерге жетті?

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Жалпы «орта державалар» ұғымы әлемдік саясат пен экономикалық аренада маңызды рөл атқаратын мемлекеттерге қарата айтылады. Мәселен, бұл қатарда көбіне Түркия, Израиль және Үндістан елдері аталатын. Енді «Ғылым және саясат қорының» орта

державалар тізіміне Қазақстан алғаш рет қосылып отыр. Бұл ұғымның Германия үкіметімен және парламентімен әріптестігін ескерсек, Еуропалық одақ Орталық Азия елдеріне, атап айтқанда Қазақстанға көбірек назар аударуда деп болжауға болады.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 12300 орынға арналған 21 мектеп салынады деп жоспарланған. Нақты дерек бойынша 10 мектеп биыл пайдалануға берілсе, қалған 11-і алдағы жылы бой көтереді.



Газиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»

2-бет

Залал көлемі қалай есептеледі?

Еліміз бойынша табиғи апаттағы төтенше жағдайлар жиі орын алып тұрады. Орман өртінен бөлек, жыл сайын жаз болса қуаңшылық, қыста қарлы боран, көктемде қарғын су, басқа да сыңартерлер жетіп-арғылады. Дегенмен қаңтарда Алматыда болған жер сілкінісі табиғи апаттар мәселесін мүлде басқа қырынан, дәлірек айтсақ сақтандыру тұрғысынан қарау керек екенін тағы бір дәлелдеді.

Жалпы, табиғи апаттар туралы айтқан кезде, бірінші кезекте келтірілген залал көлемі есептеледі. Мысалы, кейінгі жылдары елімізде болған ең ірі табиғи апаттарды алайық. 2022 жылы Батыс Қазақстан облысында су тасқыны салдарынан 1,5 мыңнан астам тұрғын үй, 7,1 мыңға жуық саяжай, жеті денсаулық сақтау ғимараты, 21 мектеп және басқа да ғимараттар су астында қалды. Апат аймағынан 8,7 мыңнан астам азамат қауіпсіз жерге көшірілді. Табиғи апаттан келген шығын 1,6 млрд теңгеге бағаланды.

2022 жылы Қостанай облысында 43 мың гектар орман өртенді. 1,8 мың қазақстандық эвакуацияланды, 90-нан астам тұрғын үй, қосалқы құрылыстары бар 33 аула өртеніп, 120-дан астам мал қырылды. 10 адам әртүрлі



Фото: А. Шамак, Л. Беркелов

ТАБИҒИ АПАТТАР

ЭКОНОМИКАСЫ

ауырлықтағы күйік алды, оның біреуі қайтыс болды. Экономикалық шығын 642,1 млн теңгеге бағаланды. Келтірілген шығынды өтеу және өрті соңындағы мемлекет бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлі. Ал былтыр Абай ауданындағы орман өртінің экономикалық шығыны 165 млрд теңгеге бағаланды. Табиғи апаттан орман шаруашылығы саласының 15 қызметкері қаза тапты.

Шығынды тек мемлекет төлейді

Табиғи апаттардан болған шығынды өтеуде жеке сектордың үлесі жоқ. Барлығын мемлекет төлейді. Мұндай табиғи зілзала тәуекелдерін қаржыландырудың басқа қандай тетіктері бар? Оларды Қазақстанда қолдануға бола ма?

Қазақстан ғана емес, жалпы Орталық Азия елдері үшін өзекті мәселеге үнемі назар аударып, түрлі зерттеулер жариялап отыратын Дүниежүзілік банктің веб-сайтында мынадай дерек келтірілген. «Орталық Азияда үкіметтер негізінен өз бюджеттеріне сүйенеді. Табиғи апаттар болған кезде Қаржы министрліктері өзідерің резервтік қорларын пайдаланады, бюджеттік ресурстарды қайта бөледі, шекті деңгейде қарыз алады және шетелдің ынтymақтастық қорларынан үміттенеді. Бірақ мемлекеттік сектор үшін күзіселестер жалғыз төтеп бере алмайды». Әлемдік қаржы ұйымы аймақ елдерін апат тәуекелдерін қаржыландырудағы бар тәжірибені пайдалануға шақырған.

Қорғау механизмдері қандай?

Атап айтсақ, Дүниежүзілік банк табиғи апат тәуекелдерінің өңірлік пулын құру, апаттық облигациялар шығару және апат тәуекелдерін қаржыландыру үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті қарастыруды ұсынаған.

Мысалы, Орталық Азия елдерін қамтитын аймақтық пул құрылса, әрбір қатысушы елдің мемлекеттік бюджетіне түсетін жұктеме азаяуы мүмкін. Қариб теңізіндегі апат тәуекелін сақтандыру жүйесі (CCRIF) осы схема бойынша жұмыс істейді. Оның құрамына қаретін Антигуа мен Барбуда, Барбадос, Белиз, Доминика, Гренада, Гаити, Ямайка, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сент-Винсент және Гренадин аралдары, Багам аралдары мен Тринидад пен Тобаго сияқты елдер өзін тең тәуекелдерге сәйкес жыл сайынғы сыйлыққа төлейді. Қатысушы елдің аумағында сақтандыру жағдайы болған кезде жалпы пулдан қаражат сол жерге жіберіледі.

Ал апаттық облигацияларды сақтандыру компаниялары немесе аймақтық апат тәуекелі пулдары шығарады. Мысалы, 2018 жылы Дүниежүзілік банк табиғи апат тәуекелін сақтандырушы ретінде Тынық мұхиты альянсы елдерінің сұранысы бойынша апаттық облигациялар шығарған. Соның арқасында Колумбия, Перу, Чили және Мексика 1,36 миллиард доллар қаржы алды.

Сондай-ақ Дүниежүзілік банк Орталық Азия елдері үшін апат тәуекелдерін бөлісудің негізгі әдісі ретінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті алға тартады. Ынтymақтастықтың бұл түрі заңнамалық деңгейде тұрғын үйді міндетті сақтандыруды енгізуді көздейді. Мұндай сақтандыру түрі Жапонияда жақсы жолға қойылған. Бүгінде Жапон үкіметі өз бюджетіне түсетін салмақты азайтып қана қоймай, елдегі сақтандыру нарығының дамуына серпін берген.

Мүлікті міндетті сақтандыру

Қаңтардағы жер сілкінісінен кейін елімізде түрлі сақтандыру компанияларының өкілдері міндетті сақтандыруға қошу туралы айта бастады. Мүліктік ерікті сақтандыруға қарағанда міндетті сақтандыруға қошу мемлекет пен оның жеке компаниялары арасындағы ынтymақтастықты ғана емес, сонымен қатар халықаралық қайта сақтандыру нарығына шығуға жағдай жасайды деген пікірлер айтылууда. Сақтандыру компаниялары халықтан міндетті сақтандыру жарнасын алып отырғысы келеді. Сарапшылардың бұл сөзін қарапайым тілге көшірсек, әр адам өзін және жеке мүлкін өз қалтасынан сақтандыруы қажет. Есесіне бюджеттен қаржы жұмсалмайды, жеке компаниялардың қаржылық жағдайы жақсара түседі.

Тіпті кейбір сарапшылар міндетті сақтандыруды енгізген күннің өзінде бірінші сыйлықасы белгіленбеуі керек деген пікір айтқан. Мысалы, Алматыда жер сілкінісі қауіп жоғары, оған қоса жылжымайтын мүліктің құны 15-18 миллионнан миллиардқа теңгеге дейін барады. Сондықтан Алматы тұрғындары үшін бұл төлем қымбаттырақ болғаны дұрыс деген пікірде. Бір қарағанда, бұл – сақтандыру компанияларының мүддесі тұрғысынан айтылған пікірлер.

Жер сілкінісі, өрт және басқа да апаттар азаматтардың мүлкіне зиян келтіріп, оларды шығынға батыруы мүмкін. Әдетте сақтандырылған мүлікке зиян тиген жағдайда қазақстандықтар шығын өтемақсын талап етуге құқылы. Бірақ азаматтың мүлігі сақтандырылмағанын өзінде оған мемлекет атынан көмек көрсету қарастырылған.

Жеке мүлігі сақтандырылмағандар мемлекет есебінен көмек алуға құқылы. Әдетте мемлекеттік көмек табиғи апат немесе өрт салдарынан зардап шеккенде, табиғи апат салдарынан отбасы мүлкіне зиян келген, жоғалған кезде немесе ірі шығынға әкелетін залал тигенде ақшалай көрсетіледі. Ал мөлшері болса бекітілмеген жергілікті атқарушы органдарда тағайындалған арнайы комиссияның залалды бағалау нәтижесі бойынша әр қазақстандықтың шығынын өтеу мақсатында берілетін өтемақы мөлшері жеке анықталады.

Құрылыс кодексі нені көздейді?

Мемлекеттен міндетті көмек қарастырылғанымен, сақтандыру

мәселесі бәрібір өзекті. Мысалы, кеше ҚР Парламенті Мәжілісінде Құрылыс кодексі жобасының таныстырылымы өтті. Кодексте сейсмикалық аймақтардағы жоғары және құрылыс ерекшеліктері де сипатталған. Зілзала қауіпі жоғары аймақтарда құрылыс салу нормалары еліміз үшін өте маңызды. Кейінгі жылдардағы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ел аумағының 45%-ға жуығы сейсмикалық аймақтарға жатқызылған. Бұл ретте құрылысты салған мекеменің жауапкершілігі бірінші кезекте тұруы тиіс. Егер қандай да бір компания салған сейсмикалық тәзімді нысан зілзалаға төтеп бере алмаса, мүлікке келтірілген залалды құрылыс салушы өтейтіндей қылуға не кедергі?

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Тимур Қарағойшин нысандардың сапасын арттыру бойынша кешенді шаралар қарастырылғанын айтты. Құрылыс компаниялары сейсмикалық оқшаулау жүйелерін қолдануға жеке алдын ала сейсмикалық қауіпті бағалауды жүргізуге міндетті.

Вице-министрдің айтуынша, жоғары сапалы сейсмикалық оқшаулаушы болса, тұрғындарды эвакуациялаудың қажеті жоқ. Сөйткені ондай ғимараттар жер сілкінісіне төтеп бере алады. Мысалы, Түркияда сейсмикалық оқшаулау осындай неміс технологиясы бойынша жасалады.

Айта кетсек, сейсмологиялық жағынан қауіпті аймақтар қатарында Алматы өңірі ғана емес, Қызылорда облысы да бар. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Түркістан облыстары, батыс өңірлер де қауіпті аймаққа жатқызылған. Бұл ретте, табиғи жер сілкінісінен бөлек, техногендік жер сілкінісі де ескерген жөн.

Мысалы, сейсмолог мамандар батыс өңірде техногендік жер сілкінісі көбейіп келе жатқанын айтып дабыл қағуда. Ол облыстар бұрын жазық дала, ірі жер сілкінісі болмайды деп есептелді. Бірақ ешқандай зерттеу жүргізілмеген. Ұзақ уақыт бойы пайдалы қазбалар алынып жатыр. Оның бәрі табиғатқа әсер етіп, адамның әрекетіне байланысты пайда болатын жер сілкінісі көбеюде.

Сондықтан құрылыс саласын жан-жақты бақылау, құрылысты талапқа сай жүргізбеген компаниялар үшін жауапкершілікті күшейту өте өзекті. Бұл мәселенің бұл ретте жыл басында да Төтенше жағдайлар министрлігі көтерген болатын. Дегенмен, сейсмикалық нормативтердің сақталмауы құрылыс саласындағы үлкен мәселенің бірі болып отыр.

Қазір елімізде құрылыс нысандарын ешқандай мекеме бақыламайды. Құрылыстың сейсмотәзімділік зертханалары өз деңгейінде жұмыс істеп жатқан жоқ. Тіпті ешқандай ірі жер сілкінісі тіркелмеген облысымыздың өзінде тұрғындар ханалдан салынған көпқабатты үйлердің сапасына алаңдаушылық білдіріп жатады. Тұрғындардың ұяйымдауына негіз де жоқ емес. Үйлердің сапасы туралы айтқанда алдымен оларды кім және қалай қабылдап алып жатыр деген заңды сұрақ туындайды.



Аманат, парыз — бізге жүк

Жарыққа шыққанына 95 жыл толатын «Сыр бойы» газеті мерейтойлық кезеңде «Менің әкем» атты жаңа айдардың тұсауын кесті. Мұнда аймақтың аға басылымында табанды еңбек етіп, басшылық жасаған белгілі қаламгерлердің ұрпақтарымен сыр-сұхбат жасалады. Айдардың алғашқы жарияланымында 1968-1985 жылдары газеттің редакторы болған Қалқабай Әбеновтің ұлы Қанат Әбеновтің естелігі ұсынылып отыр.



Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Перзент үшін әке тұлғасынан биік тау жоқ. Сондықтан да бала әкенің мінезін, жақсы қасиеттерін сіңіру арқылы бой түзейді. «Әкеге қарап үл есер» деген сөз тура мағынасында айтылған. Алайда, әкесінің өз болашағы жолында махаббатын да, күш-жігерін де сарқып өмір сүретінін біле бермес керек. «Ата-анаңның қадірін балалы болып білерсің» деген осыдан шыққан шығар.

дін аталас туысымыз Қалмақан Әбдіқалыров қойған. Менен үлкен Маратқа қанаттас болсын деп, Қанат деген есім берген. Әкем ол кісімен өте қатты сыйласты. Үлкендердің қатарласа отырып, әңгіме-дүкен құратындары көз алдымда. Қазіргі адамдардың шынтақтап жатпаса бәлі ашып, тізесі тызылмайды. Сол кісілер сағаттап тік отыратын.

Әкем сыртта сырбаз, көңілді. Әзіл әңгімеге шебер. Бұлайғы жұрт не сұрақ қойса да әбжіл жауап беретін тапқыр.

Бір жылы әкем көлік апаты кесірінен ауруханаға түсіп қалады. Артынан ауруханаға Құрманғали Ажаров пен Нұрғали Оспанов барып, «Қалекке, халіңіз қалай?» – деседі. «Аман-есен ауырып жатырмыз», – депті сонда әкем. Сондай жағдайда әзілдей бұлудың өзі әркімнің қолынан келмесе керек.

Үйге соға қалған адам болса отанасы мен келінін мақтап, мынаны пәленше, мынаны түгенше пісірді, дәмі тіл үйіреді, мұнан ауыз тимей кету қиянат деп сол адамды ақыры төрге шығарады. Қонақшыл, көпшіл. Біреуге дәреметім тиісе деп тұратын адам.

Ал тәрбиеге қатал. Бала кезімде киноның күндізгісіне баратынбыз, кешкі сеанстарына жібермейді. Сөйте тұра, балалық бұзақытығымыз болса таяқтап жазалаған емес. Ақылмен аузыдықтап, ісімен түзетеді. Ол заманда «импорт» деген болатын. Сондай тауарлар дүкендерде ашық сатылмайды, жок-жітіктің қолына түспейді, жең ұшынан жалғасып кетеді. Сол «импорт» киімдерді басшылардың балалары киеді. Біздің де әкеміз басымы, сөзі жүреді. Бірақ біз «импорт» кимейміз. «Жұрттан артық болма» дейді әкеміз. Ол кісінің қалпымызды қазақшылдық салып, қаранайымдылыққа үндеген тәрбиесі біздің бойымызға қонды.

Ешқашан айтқан сөзім, уәдесім бұзбайтын. Бірде досының мерейтойына бармақшы болды. Барамын деп уәде етіп қойған ғой. Бірақ, ол кезде әкемің денсаулығы нашарлап қалған, аяғымен жүруге әлдермені жоқ. Сонда да барды, тойда бес-он минут отырды да, қайтты.

Мен мұны әкемің досқа алдығы, сөзге беріктігі деп білдім, оның осы қасиетін өз өмірімде де берік ұстануға тырыстым.

Алайда, ешқайсымыздан қаламгерлік шықпаса да, жоғары білім алып, өзімізге тиісті қызметімізді адал атқардық.

Ал жоғарыда айтпай өткен әкемің еңбегін, қаламгерлік жолын осы саладағы бүгінгі жастардың жалғауы тиіс. Бұған менің де ықпалым болуы мүмкін. Сондық-

тан мен «Сыр журналистикасы» деп аталатын қоғамдық қор құрған болатынмын.

Өрине, өңір руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның есімін жаңғырту балалары үшін ғана керек деп айту қате. Бұл есімің Сыр журналистикасына қосқан үлесі мен үлгілі өмір жолы ең алдымен жас ұрпақтың жанында болып, солардың тәрбиесіне жарауы қажет.

Менің басты мақсатым да – сол, сонымен бірге жас шығармашылық өкілдеріне материалдық көмектесу. Бұл қадимың болашақ әкем секілді ұлттың жасқындығын қалыптастыруға сеп болатынына сенемін.

2019 жылы «Сыр бойы» газетінің 90 жылдығына арналған «Токсан жылдың толғауы», 2021 жылы ең әуелісіңіздің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік толғауы» атты байқаулар жас журналистер арасында қана өткен еді.

2022 жылы әкемің туғанына 100 жыл толуына орай, өңір басылымдарының басын қосып отырған «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, Қ.Әбенов атындағы «Сыр журналистикасы» қоғамдық қоры бірлесіп, шығармашылық байқау ұйымдастырды. Бұған тек жас журналистер емес, сақа журналистер де қатысты. Жеміштары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бұл мұндай шығармашылық байқауларды бірнеше жылдан бері қолға алып келе жатырмыз.

Билығы жылдың шілде айында облыстық «Сыр бойы» газетінің жарық көре бастағанына 95 жыл толады. Осы мерейлі кезеңде «Сыр журналистикасы» қоры Журналистер одағының облыстық филиалымен бірлесіп, шығармашылық байқау жарияламақ. Оған да барлық журналистердің қатысуға құқы бар.

Байқау ережесіне сай келген туындыларды арнайы сарапшылар көзімен іріктеп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады.

Осы жұмыстарды ұйымдастыруды басылым басылымы қолға алып, қаржылық қолдау мәселесін өзін шешіп отырғанын.

Бұл жұмыс әкемің атын шығару емес, ол кісінің аты да, атағы да ел жанында қалды. Мен әкемің журналистика саласындағы ізін жоғалтпайтын жас толқынның өсіп толуына тілеймін.

Әкем маған осы істі аманаттап кеткен секілді сезінемін.

Қанат ӘБЕНОВ, ҚР Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, доғарыстағы полковник

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ҚазГермұнай» БК ЖШС өндірістік нысанында баспасөз туры өтті. Онда газ өндіруші компанияның іс барысы таныстырылып, өндірістік процесті қамтамасыз ету жұмысы көрсетілді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ БАҒАСЫ ӨНДІРУ ШЫҒЫНЫН АҚТАМАЙДЫ

Компания жыл сайын кен орындарының инфрақұрылымына қолдау көрсету және дамыту бойынша қолмақты қаражат инвестициялауда. Кен орындарында қолданылатын техника және технология заманауи үлгілерімен жаратқандырылып, толығымен автоматтандырылған.

Баспасөз туры барысында «ҚазГермұнай» БК ЖШС мамандары сұйытылған газ бағасы өнімнің өзіндік құнын өтемейтінін айтып өтті. Кәсіпорын бүгінде «Ақшабулақ», «Нұралы», «Ақсай» кен орындарындағы ілеспе мұнай газын және «Оңтүстік Ақсай» кенішінен шығатын табиғи газды өңдеп, облыс тұрғындарын сұйытылған газбен қамтамасыз етуде. «ҚазГермұнай» жылына 60 мың тоннаға жуық сұйытылған газ өндіреді.

«ҚазГермұнай» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Махамбет Елеусіновтің айтуынша, зауыт жылына 550 млн тонна шикізат өндіреді. Қызылордалықтарға 440 млн текше метр тауарлы газ беріледі. «Ақшабулақ» және «Ақсай» кен орнында мұнай және газ конденсатын шығару жұмыстары қарқынды іске асуда. Мұнда табиғи газ өндіру жұмысы жүйелі жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде облыс тұрғындарын ұзақ мерзімге құрғақ тауарлы газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік туып отыр.

Қазақстандық сұйытылған газ өндірушілер өнімнің арзандығынан шығынға бағып отыр. Белгіленген шекті көтерме баға тоннасына 40320 теңге, ал сұйытылған газ өндіру құны тоннасына 50000-72000 теңге аралығында. Бұл елдегі жанармай құю бекеттеріндегі бөлшек сауда бағасын төмен ұстау үшін жасалған. Қазақстанда сұйытылған газ тұтыну негізінен автокөлік жүргізушілері есебінен өсіп, өндіріс көлемі төмендеуде.

Бүгінде сұйытылған мұнай газын өндіру құны министрлік бекіткен газ бағасынан асып түседі. Бұл ретте қондырғының пайдалану мерзімін ескере отырып үздіксіз өндірістің процесті қамтамасыз ету жағы ескерілмек. Сұйытылған мұнай газын өндіру шығыны өтелмейтіндіктен, сала шығынға ұшырауда, соның салдарынан кәсіпорындарды жүйелі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және жанғыртуга қаражат салынбайды. Жанғырту мен жоспарлы жөндеуге қаражаты жоқ өндіріс орындарында апат салдарынан тоқтаулар жиілеп, елді жеткілікті көлемде сұйытылған газбен қамтамасыз ете алмайды, – дейді ҚР Энергетика министрлігі газ өнеркәсібі департаментінің директоры Бақытжан Таубаев.

Жалпы «ҚазГермұнай» ЖШС біріккен кәсіпорын теңгерімде мұнай және газдың бес кеніші бар. Сұйытылған газ өндіруге инвестиция салу мүмкіндігі бар жер қойнауын пайдаланушылар бұдан қызығушылық танытпайды. Сұйытылған газды өндіруді жалғастырып жатқан жер қойнауын пайдаланушылар мұны шикізатты өндіретін өңірлер алдындағы әлеуметтік міндеттен ретінде орындауда. Газ өндіретін кәсіпорындар Энергетика министрлігімен бірлесіп, өндіріс құнын өтей алатындай әділ баға белгілеу мәселесін ұсынып отыр. Оның нақты нәтижесі алдағы күн еншісінде.



«Zhalyn»

өрттің алдын алады

Қызылордалық жас өнертапқыш, Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Жұлдызай Мұңайтбасова «Zhalyn» өрттің алдын алу ақпараттық жүйесін жасап шықты. Бұл жүйе ірі өрттерді болдырмауға бағытталған. Ол халықтың орман өрті туралы хабардар болуына арналған экологиялық жоба ретінде бағаланып отыр.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Бұл кешенді жүйе ең алдымен сезгіш құралдар арқылы сала мамандарына орман жағдайы, аумағы, қай аймақта болып жатқаны туралы ақпарат береді. Мамандар сол аймаққа барып жағдайды анықтайды. Сондай-ақ радиотолқындар интернетке ретрэнслятор арқылы айналып, жергілікті халыққа ақпаратты платформа және сервер арқылы жібереді. Осылайша өртті алғашқы сатыда анықтап, жұмыла жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Ол экономикалық, әлеуметтік шығынды азайтады. Артықшылығы – бұл өртті алғашқы сатыда анықтайтын жүйе. Нақты іске асыру үшін бізге кезіргі таңда серіктестік қажет. Содан кейін жобаны нарыққа шығарып, іске асыруға болады, – дейді Жұлдызай Мұңайтбасова.

Өрт туралы ақпарат бәрине ашық болады. Ақпарат министрлікке де, қарапайым адамға да қолжетімді.

Өткен жылы жазда Абай облысында ірі өрт болды. Өрт аумағы бір күннің ішінде 100 гектарға жетіп кетті. Сол уақытта біз елімізде әлі де шешілмеген осындай мәселе бар екенін анықтадық. Алдағы уақытта серіктестік және жобамызға инвестиция іздейміз. Келешекте оған тағы да бір жүйе қосылады. Ол өртті ғарыштан бақылауға және орманшының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналады, – дейді жас өнертапқыш.



БІР ҮЙДІҢ ШАХМАТШЫ БАЛАЛАРЫ

Аралдық жас ерөн Ақылжан Мейірханұлы алдағы уақытта шахматтан Бразилияда жалауын көтеретін балалар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатына жолдама алды. Мұндай мүмкіндікке жақында Түркістан қаласында өткен 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер ел біріншілігінде қол жеткізді. Аудан орталығындағы Ж.Әбдірашов атындағы №62 мектеп-лицейінде оқитын Ақылжан Мейірханұлы шаршы тақтаның классика түрінен топ жарса, рапидтен екінші орынға табан тіреді. Ауыл баласының толағай табысын білікті мамандар жоғары бағалады.

– Алдағы уақытта қазақ баласынан Әлем чемпионы шығады деген ойдамын. Оған көп дайындық керек. Рас, қазір жасөспірімдер мен жастар арасында дүниежүзінде алдыңғы қатардан көрініп жүрген өрендер аз емес. Олардың әлемді мойындап жатқаны қуантады. Жалпы, ересектер арасында чемпион болу өте қиын. Өйткені, бәсеке өте жоғары. Жетістікке жетуге талпынған әрбір адамның мол тәжірибесі болғаны дұрыс. Жер шарында халқының саны жөнінен алдыңғы қатарда тұрған Қытайдың өзінен Әлем чемпионы жақында ғана шықты. Бүгінде норвегиялық Магнус Карлсеннің аты озып тұр. Өзірге оған ешкім тең келер емес. Кім біліпті, алдағы уақытта әлем жұртшылығы қазақ баласының шеберлігіне таңдай қағатын уақыт та келіп қалар. Барлық өңірде шахмат мектебі ашылса деймін. Мәселен, өзім тұратын Арал өңірінде қаншама дарынды өрендер бар. Оларды қалай іздеп табамыз? Өзірге осы жағы кемшін түсіп тұр. Сондықтан үйірмелерді ауылдық жерлерден ашу мәселесін назардан тыс қалдырмайық дегім келеді. Жалпы шахматты дамытуға өте көп қаржы қажет емес. Өкініштісі, бұл мәселе әлі де кенже қалып жүргені қынжылтады, – дейді ол кісі ағынан жарылып.

– Тарихқа көз салсақ, шахматтың пайда болғанына қаншама гасыр өтті. Жүз жылдан астам уақыттан бері жер шарында спорттың осы түрінен Әлем чемпионаты тұрақты түрде өткізіледі. Токсаныншы жылдан бері белдік бәсекеде қазақстандық шахматшылар ел намысын абыроймен қорғап жүр. Қазақстанда шахмат жақсы дамып келе жатыр. Кейінгі он жылда көп өзгеріс болды. Елімізде шахматтың рапид және блиц түрінен Әлем чемпионаты өткізілді, қаншама жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылады. Содан бері небәрі 17 адам жеңіс тұғырына көтерілген. Олардың жартысына жуығы бұрынғы Кеңес одағының үлесіне тиеді, – делі Ақылжанның әжесі Мейірхан Бармағанбетов.

Шахматты уәсейік дегендей ойлап жүрген ол кісі кезінде газет-журнал беттерінде венгриялық апалы-сіңлілі Полгарлар туралы оқыды. Апалы-сіңлілі Жужа, София және Юдит кезінде әлем жұртшылығына жақсы танылды. Оларды шахмат өнеріне баулыған әжесі Ласло Полгар болатын. Содан кейін өзінің балаларын шахматқа баулып, олардың жоғары деңгейдегі турнирлерге қатысуына барынша қолдау көрсеткен.

Мейірхан ағамыздың отбасындағы үш ұл, үш қыздың бәрі ойылар ойыны саналған өнерді жан-жақты меңгеріп алды. Сағыныш, Сақыпжамал, Мейіржан, Сабина кезінде сан алуан жарыстарда топ жарды.

– Шахмат есепке қаралған ойын ғой. Бір қызды, алдыңғы төрт балам жоғары оқу орнында математика пәнін таңдады. Қазір мектепте оқитын Ақылжан мен Айгерім елімізде жасөспірімдер арасында бақ сынап келеді. Негізі Ақылжан төрт жасынан бастап шахмат ойнайды. Бес жасында алғаш рет ел біріншілігінде бақ сынады. Содан бері жеті жылдан астам уақыт өтті. Әрдайым жүлделеріп қатарынан көрініп жүргені қуантады. Рапидтен чемпион атанды. Кейінгі жылдары оны ағасы Мейіржан баулып жүр. Әртүрлі әдісін үйретті. Соның арқасында Ақылжан ойына басқаша қарай бастаған секілді. Өзін-өзі дамытып, жақсы нәтижеге қол жеткізуде. Кішкентай қызым Айгерім де биіктен көрінуді қалайды, – дейді Мейірхан ағамыз.

Елімізде қазір шахмат спорты жақсы дамып келеді. Десек те әлі де қолға алатын істер аз емес. Мейірхан ағамыз бұл бағытта барлық жерде арнайы үйірмелер жұмыс жасаса деген ұсынысын айтады.

Ә.ТАЛАП

ҒЫЛЫМ ҺӘМ ҒАРЫШ

«Тапқырлық» тарихи миссиясын тәмамдады

Биыл 25 қаңтарда NASA Марстағы Ingenuity тікұшағының жұмысы аяқталғанын ресми мәлімдеді. Дрон тік қонып тұр, өлі байланыста, алдағы 21 қаңтарда алынған фотосуреттер оның соңғы қону кезінде қатты зақымдалғанын көрсетті. «Тапқырлық» енді Марс әуесіне көтеріле алмайды.

Аппарат 2023 жылы желтоқсанда бір апта ішінде үш рет көтеріліп, 1666 метр ұшып өткен. Дрон қашықтық пен жылдамдық рекордтарын жаңартып, сипаттамадан жоғары таңғажайып бұрыштарын сынап көрді. Бұл тікұшақтың максимал мүмкіндіктерін білу үшін жасалған еді.

6 қаңтардағы №71 ұшу кезінде Ingenuity 360 метрді ұшып жоспарланғанымен, бағдарлау жүйесіндегі ақау салдарынан 71 метрден кейін қонуға мәжбүр болды. Аппараттың халін білу үшін 18 қаңтарда №72 сынақ ұшырылым тағайындалған. 12 метрге тік көтерілген дрон 4,5 секунд қалықтап тұрып, қайта тік қонуы талас еді. Алайда төмендеу кезінде, планета бетіне бір метрдей қанғанда, Perseverance roverмен байланыс үзіліп кеткен. Ергеніңе байланыс қалпына келген соң алынған телеметрия деректері тікұшақтың тік қонып тұрғанын және борта энергия барын айғақтады. Оған айналыны және селфи түсіруге команда берілген.

Міне, осы фотоларда қанаттарының ұшы сынғанын және топыраққа жатқан тікұшақ қатпармасының болшектерін көрсетті. Шамасы, Ingenuity 1-2 метр биіктіктен құлап түссе керек. Тіреулер оны ұстап қалған, бірақ дрон кері серпілген немесе қанаттарының топырақты ұрғылаған. Салдарынан сәлмеқ түсетін конструкция элементтері зақымдалған. Қазір қашықтығы Персеверанс roverі тікұшақты суретке түсіре алмай тұр, дегенмен ол жақпандан барып, айқын кескіндер алатын шығар. Өзірге тікұшақ бортындағы барлық суреттер мен деректер roverге жіберіліп жатыр.


Ingenuity – басқа планетаның атмосферасына көтерілген алғашқы ұшу аппараты. Ол жоспар бойынша бір ай жұмыс істеп, әуеге 5 рет ұшыу керек еді. Ал іс жүзінде дрон 2020 жылдың 19 көкегіндегі алғашқы ұшудан бастап, 33 айда 72 рет қалықтады. «Тапқырлық» жалпы 17 шақырым ұшып өтіп, rover баратын 48 локацияны барлады. Марс әуесінде 128 минут болған тікұшақ 24 метр ең жоғары биіктік пен 36 км/сағ ең жоғары жылдамдыққа қол жеткізді. Ол ойлы-қырлы бедерден қонатын орынды өзі таңдауды, күн панелін тазалауды, сенсорсыз өмір сүруді үйренді, Марстың қаһарлы қысынан аман-есен шыға алды. Ақыры үш рет апатты жағдайда қонса да, Ingenuity Қызыл планета бетінде орнықты, тік тұрған қалпында қалды.

Дайындаған Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Жарамсыз деп есептелсін

«Жанарту» ЖШС-ның (БИН 890540000020) мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!



Армьсыздар, құрметті оқырмандар! Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 40 жасан асқан ер адамдардың басым бөлігінде урологиялық аурулар бар. Простатит, простата аденомасы, уретрит, кіші дәреттің жиілігі, белсіздік сынды аурулар егде жасқа жеткен ер адамдарда ғана емес, сонымен қатар жастар арасында да белең орын алууда.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, зәр толыққанды шықпай, несеп қалтада зәрдің қалдықтары қалып қоя береді. Толық босатылмаған қалдық зәр қайта зәр сындыруға шақырып, дәрет арасы жиілейді. Мұның барлығы жайсыздық пен кіші жамбас аймағындығы ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, ерлер күш-қуатының әлсіздігіне әкеліп соғады.

Емделуді кейінге шегере отырып, ер адам өзіне үлкен қауіп төндіреді, өйткені ауру асқыну кезеңіне түскенде, мәселені хирургиялық жолмен шешуге тура келеді. Операция арқылы 100% оң нәтиже бере бермейді. Оған қарамастан егде жас қарсаңында адамдар үшін қауіпті, себебі жүрек-қантамыр жүйесінің қоры азайып, ағзаның иммунитеті жүйесі әлсірейді.

Егер де сіз, өз бойыңызда қуық асты безінің ауру белгілерінің пайда болуын байқасаңыз, дереу көмекке жүгінуіңіз қажет. Мысалы: зәр шығарудың бұзылуы, ерексіз әлсіздік, ауырсыну белгілері, уретралды каналдың қысылуы. Соқрат айтқандай «Денсаулық – барың емес, бірақ «барың» денсаулықсыз маңызды емес». Бақытымызға орай, қазірдің өзінде урологиялық ауруларды емдеуге арналған Израиль технологиясымен әзірленген «Уроформен» парафармацевтикалық сапасы дәлелденген, күшті препарат бар. Уроформен – қабылдаудың алғашқы кезеңінде-ақ, жыныс безіндегі, несеп жолындағы қабыну процесінің қоздырғыштары болып табылатын бактериялар мен микроағзаларды шығарып, простата безінің қабынуы мен ісінуін тоқтатады. Нәтижесінде несеп шығару процесі жақсарып, ауырсынуы жояды. Сонымен қатар, Уроформен жыныс бездерінің жұмысын жақсартады. Ал, ол өз кезегінде ерлердегі жалпы күш-қуат беретін тестостеронды қажетті мөлшерде бөліп шығарып, ерлерде кездесетін жыныс әлсіздігін жояды. Осылайша, күрделі процестің арқасында Уроформен бүкіл несеп-жыныс жүйесінің жұмысын қалпына келтіреді.

Мына телефон арқылы кеңес алып «Уроформен» препаратына тапсырыс бере аласыз: 8 705 926 37 98 немесе uroforman.kz сайты арқылы. Тегін жеткізу қызметі бар.



Оразбаев Муратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уроформен» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып, сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қысқы асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уроформенді» қабылдағаннан 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағаннан нәтижесінде ауруым барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезіменін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

Құрамындағы негізгі бөлшексіз заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ. Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары. Барсы көрсеткіштер: компоненттерге неке тәубейлік.